

**Әл – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ**

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде

БЕКІТІЛДІ

№ 1 хаттама «03» 09. 2022ж

Факультет деканы _____ Б.Б.Мейірбаев

**ТМOS 5303 «ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ -2022

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к Әрінова
Б.А.

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« _01_ » ____09_ 2021ж., хаттама № _1_

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Әлқожаева

Факультеттің әдістемелік кеңесінде ұсынылды.

« _02_ » ____09_____ 2021ж., хаттама № 1

Әдістемелік кеңес төрағасы _____ Ә.М. Құдайбергенова

ТМОС 5303 «ӨЗІН –ӨЗІ ТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
пәнінен «7М011802- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1
курс магистранттарына арналған 2022-2023 оқу жылының көктемгі семестріндегі
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Емтихан – ауызша

Емтихан форматы- оффлайн

Кредит саны -3

Қорытынды емтихан ауызша түрде жүргізіледі. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Тақырыптық мазмұндар барлық жұмыстарды қамтиды. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы пәннің білім мазмұнын түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады. Өзін – өзі тану теориялары мен әдіснамасы бойынша практикалық тапсырмалар көрсетіледі.

Дайындалуға арналған тақырыптар:

1 тақырып. «Өзін-өзі танудың теориялық – әдіснамалық негіздері» оқу курсының мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Республикасында тұлғаға рухани-адамгершілік білім беруді дамыту стратегиясы. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының даму кезеңдері.

2 тақырып. Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының философиялық негіздері. Қазіргі білім беруді ізгілендірудің жаңа парадигмалары мен тұғырлары: адамзаттың жаһандық мәселелері. Өзін-өзі тану - тұлғаның даму заңдылығы, мақсат, мотив және өзін-өзі жүзеге асыру нәтижесі ретіндегі құралы.

3 тақырып. Өзін-өзі танудың үдеріс ретінде қалыптасуы мен дамуы. Өзін - өзі тануға деген антропологиялық көзқарас. (К.Д.Ушинский, Н.А. Бердяев, Р.Штайнер)тұжырымдары. Өзін-өзі танудың әлеуметтік маңыздылығы.

4 тақырып. Өзін-өзі танудың психологиялық ерекшеліктері. Өзіндік сана құрылымындағы «тән-жан-рух» бірлігі. (Мен өмірімді өзгерте аламын. В.Уилбердің трансперсоналды тұжырымдамасы. Адамның ішкі жан әлемі.

5 тақырып. Шығыс дүниетанымындағы рухани адамгершілік негіз және өзін-өзі тану мәселелері. Қазақ мәдениетіндегі өзін- өзі тану: теориялық талда. Әл-Фараби және Абай Құнанбаев шығармаларындағы ізгілік мәселесі.

6 тақырып. Өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздері: құндылықтық бағдар. Адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясы. Шәкәрім шығармаларындағы «ар,намыс, ұждан» ұғымдарының құндылықтық сипаты.

7 тақырып.Өзін-өзі танудың акмеологиялық негіздері: адамның кемелденуі, кәсіби шынға жету Өзін-өзі танудың тұлғаның даму заңдылығы, мақсат, мотив және өзін-өзі жүзеге асыру нәтижесі ретіндегі құралы екендігі. Г.Сковороданың философиялық тұжырымдамаларындағы таным теориясы және өзін-өзі тану.

«8 тақырып. Гуманды педагогиканың теориялық- әдістемелік негіздері. Қазақ педагогикасындағы гуманистік тұғырлар. Абай шығармаларындағы адамның жетілуі мен кемелденуі мәселесі.

9 тақырып. Өзін-өзі тану мен рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи даму кезеңдері.Өмірдің мәні түсінігі. Виктор Франклдің өмірдің мәніне талпыну теориясының негізгі ережелері.

10 тақырып.Әлемдік білім кеңістігіндегі рухани-адамгершілік білім берудің әдістемелік тұрғылары : салыстырмалы аспект. «Өзін-өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың педагогикалық қағидалары мен шарттары. Жоғары мектептегі өзін өзі тану пәнінің ғылыми- теориялық негіздері.

11 тақырып.Өзін-өзі тану және рухани-адамгершілік білім беруге әдіснамалық тұрғыдан (тұтастық, антропологиялық, гуманистік, мәдени және т.б.) түсінік. Әлемдік білім кеңістігіндегі рухани-адамгершілік білім берудің әдістемелік тұрғылары. Ш.Амонашвилидің ізгілік педагогикасы .

12 тақырып. Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген көшбасшылық. Көшбасшылық қасиеттерді дамытудағы өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіру практикасы.Әл-Фарабидің «Әлеуметтік экономикалық трактаттар» еңбегіндегі барлық мәдениеттерге тән жалпыадамзаттық құндылықтардың адамның бақытқа жетудегі маңызы.

13 тақырып. Өзін-өзі танудың қарым-қатынас құралы ретіндегі теориялық және практикалық бағыттары. Өзін- өзі тану идеяларының тәрбиелік әлеуеті.Жоғары оқу орындарындағы «Өзін-өз» тану» пәні мұғалімдерін даярлау мәселесі.

14 тақырып.: Өзін-өзі танудағы тұлғааралық қарым-қатынастар теориясы. Адамгершілік – тұлғааралық қарым-қатынастың жоғарғы формасы. Мен және сен. Лоренс Колбергтің адамгершілік даму теориясы.

15 тақырып.Заманауи психологиялық және педагогикалық ғылымдағы руханилық ұғымы.«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері.Өзін-өзі танудың адам өміріндегі орны: рухани аспект

Емтиханға дайындығын бағалау, оқыту нәтижесі: Баға қою өлшемдері

Балл	Жауап мазмұны
95-100 (А) 90-94 (А-) Өте жақсы	1.Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.

85-89 (B+) 80-84 (B) 75-79 (B-) 70-74 (C+) Жақсы	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.
65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) (Қанағаттанарлық)	1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті, ақпараттың қисындылығын талап етеді.
25-49 (FX) 0-24 (F) (Қанағаттанарлықсыз)	1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.

Әдебиеттер:

1. Байлук В.В. Человеческое знание. Основы самопознания и самореализации личности в 2 кн. Кн. 1. Основы самопознания личности. -Екатеринбург, 2010.
2. Мұратханова Р., Майғаранова Ш. Адамзаттың рухани мұрасы. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2016. – 111 б.
3. Әрінова Б.А. Өзін өзі тану: теория және практика -Алматы: Қазақ университеті, 2020.-138 б.
4. От неразумия к разумию через самопознание самосовершенствование: кол. монография, отв.ред. В.И.Иванов[Серия: Библиотека актуальной философии].Вып.11.-Красноярск: «ЛИТЕРА-принт,2011.-236 стр Тренерлер үшін нұсқаулық. Мұғалімдер үшін оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: ҰҒПББСО «Бөбек»,2015.– 96 б.
5. Тузов В .В.Теория и практика самопознания: учебное пособие / Минобрнауки России, Санкт-Петербургский гос. электротехнический ун -т "ЛЭТИ". - Санкт-Петербург : ЛЭТИ, 2014. – 80с
6. Минюрова С.А. Психология самопознания и саморазвития.Учебник Урал.гос.пед ун-т.-Екатеринбург.2013.-316 с
7. <http://ozin-ozni-tanu.kz/> «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілікке оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми білім беру порталы